

## Табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 26 маусымдағы № 8 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Жарма аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 27 маусымда № 5-10-144 болып тіркелді

ҚР НҚА электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі,  
03.07.2018 ж.

---

*РҚАО-ның ескертпесі.*

*Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.*

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі Заңының 48-бабына және 50-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 қаулысына сәйкес, Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданының төтенше жағдайларының алдын алу және жою жөніндегі комиссиясының 2018 жылғы 5 маусымдағы хаттамасы негізінде, Жарма ауданының әкімі ШЕШТІ:

1. Жарма ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайларды жою басшысы болып Жарма ауданы әкімінің орынбасары Муратов Талгат Батырович тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жарма ауданы әкімінің орынбасары Т.Б. Муратовқа жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Н. Сыдықов*